



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

орындау биоэтиканы қоғамдық институт жасаған этикалық комитеттерге жүктелген.

### Қолданылған әдебиет

1. Hamamsy L. Le Language de la bioéthique et les cultures // Journal International de Bioéthique.2000.№11 (3–4–5).p.159–164.
- 2.The Human Rights, Ethical and Moral Dimensions of Health Care-120 Practical CaseStudies. Strasbourg.Council of Europe Publishing. 1998.
3. Ossoukine A. Un Conseil d'Éthique ou de Déontologie //Revue Algérienne des SciencesJuridiques, Économiques et Politiques. 1997.№XXXV.p.263–255,259.
4. République Tunisienne.Décret no. 94–1939 du 19 septembre 1994. 27.09.1994.№76.p.1590.
5. Comité National d'Éthique Médicale, République Tunisienne.№2.Avril 1997.Tunis. p.18–23.
6. Moazam F., Jafarey A.M. Pakistan and Biomedical Ethics: Report from a Muslim Country // Cambridge Quarterly for Healthcare Ethics. 2005.№14.p 249–255.
7. Zali M.R., Shahraz S. Bioethics in Iran: Legislation as the main Problem, Archives of IranianMedicine. 2002.№5 (3), p.136–140. Current Situation of Bioethics in Genetic Research in Iran,in the Experiences and Challenges of Science and Ethics: Proceedings of an American-IranianWorkshop. 2003. The National Academy of Sciences.p.77–85.
8. Comité de Bioéthique de l'Ordre des Médecins du Liban.Journal International de Bioéthique.1998.№9(1–2).p.139–140.
9. De Caro A. La terminologia della bioetica islamica: calchi, neologismi e nuove accezioni //IITraduttore Nuovo. 2001.№1.p.93–99.
10. Aksoy S., Elmali A. The Core Concepts of the Four Principles of Bioethics as found inIslamic Tradition, Medicine and Law. 2002.№21(2).p.211–224.
- 11.[http://www.amu.kz/kz/index.php?ELEMENT\\_ID=6320](http://www.amu.kz/kz/index.php?ELEMENT_ID=6320)

УДК 215:111.1

### ДІНИ ТАНЫМНЫҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ МӘНІ

**Ибадуллаева Асель Абдуалиевна**

*assel\_askal11@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, дінтану мамандығының  
3-курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Д.Кенжетай

Ежелден адамзат тіршілік құпияларын меңгеруге, өзіне тылсым көрінетін табиғат күштерін тануға жан-жақты ұмтылған. Адам әлемді тани отырып, осы дүниеде болып жатқан көптеген құбылыстарға анықтама беріп, ақыл арқылы білім деп аталатын сарқылмас қайнар көзді қалыптастырды. Міне осы жинақталған білім негізінде таным үш үлкен топқа бөлінді: мифологиялық, діни және философиялық. Ақиқат мәселесі гносеологияның ортақ проблемасы. Ақиқат дегеніміз білімнің шындықпен жанасуы, оған сай болуы, объект туралы дұрыс білім. Кез-келген ғылымның мақсаты – ақиқатқа жету. Ақиқатқа жетудің негізгі көзі ретінде дін құбылысы пайда болды.[1]

Дін – қоғамда ерекше рөл атқаратын рухани-әлеуметтік институт. Батыс мәдениетінде «дін» ұғым түсінігінің мәні екі мағынада түсіндіріледі. Оның бірінші мағынасы латын тіліндегі «religare» ұғымының түсінігі. Бұл ұғым түсінікпен жер мен көк /аспан/ арасында рухани байланыс бар екендігі түсіндіріледі. Ал екінші, осы латын тіліндегі «religo» ұғым – түсінігі – қасиетті, табыну заты, құдайға құлшылық ету мағынасында танылады. Екінші ұғым – түсінік біріншісіне қарағанда діннің мәнін нақтылы бейнелейді.

Батысқа қарағанда исламдық өркениетте «дін» терминінің мәні басқашалау

түсіндіріледі. Мұның себебі «дін» ұғымының кең ауқымдығы сан қырлы мән мағынасы исламға дейінгі араб елі тұрғындарының әртүрлі түсіндірілуіне байланысты.

Мұсылмандық дінтанушылардың түсіндірулерінше, дін дегеніміз – әлемді байланыстыратын күш - Алланың барлығына сенім. Бүкіл әлемді және адамды жаратушы ие – Жалғыз Алла адам баласының жүрегін өзіне ұштастыра жаратады, яғни Жаратушының барына сеніп, оның ажырамас бөлшегі екенін адам өз жүрегі арқылы сезіну керек дейді.[2]

Ал мұсылмандық діни таным қалай қалыптасты? Діни танымның қалыптасуында басты рөлді не атқарады? Міне, осы сұрақтар әрбір адамды еріксіз ой шырғауына түсіреді. Кез келген діннің негізін құрайтын төрт элемент бар. Олар: діни сана, діни іс-әрекет, діни ғибадат және діни ұйымдар. Адам дін деп аталатын құбылысты мойындау үшін оған ең алдымен діни сенім қажет. Діни сенім – діннің ең маңызды категориясы діни сананың негізін қалайтын құрал. Өз кезегінде діни сана діни таным процесі арқылы қалыптасады. Басқаша айтқанда, егер діни сана – зәулім үй болса, діни таным – сол үйді қалыптастыратын алғашқы кірпіш. Діни танымсыз діни сана, діни санасыз діни таным өмір сүруі мүмкін емес.

Дәстүрлі діни таным – біздің ұлттық болмысымыздың өзегі. Қазақ мәдениетінің өзегін Ислам дінінсіз елестету мүмкін емес. Ислам дініндегі ең басты негіз – Құран, кейін хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар Сүннеті. Ал екінші ең басты негіз – әрбір ұлттың өзіне тән мәдениеті, дәстүрі. Біздің діни танымымыз Әбу Ханифа мәзһабына, сенімде Матуриди ақидасына және Ясауи ілімінің қағидаларына негізделген. Имам Матуриди ақиқатты тануда барынша тиімді ойлауды мақсат етті, ақылмен шешім қолдануда асыра сілтеушілікке ұрынбай, ақыл мен қисынды орнықты пайдалануымен ерекшеленеді. Ал, имам Әшғари мен оның мәзһабы нақылға (Құран мен сүннетке) көп мән беруімен өзгешеленеді.[3] Әл-Матуриди болса, Аллаһ тағаланың бүтін болмысты жаратқанын, болмыстағы әрбір нәрсе Аллаһтың жаратылысы екендігін және бұл мәселеде Аллаһтан басқа ешкім ешнәрсені жарата алмайтындығын алға тартты. Имам Матуриди «адамның қабілеті бар және осы қабілетімен бірге қалау құқығына ие. Адам осы қабілеті және қалауымен не жаза, не сауап алады» деді. Матуридидің пікірінше, адамдағы қабілеттілік Аллаһтың адамға берген күш-қуатымен болады. «Осы қабілетпен адам Аллаһтың жаратқан іс-әрекеттерін иеленеді немесе иелене алмайды. Адам, өз қабілетімен іс-әрекет етуге ерікті. Қаласа жасайды, қаламаса жасай алмайды» деп түсінді.[4]

Ғылыми тұрғыдан қарайтын болсақ, Матуруди, Ясауи, Ханафи мәзһабтары еш уақытта ақиқаттың өлшемі болып табылмайды. Жоғарыда айтылған ғалымдардың ілімдері қазақ дүниетанымына сай, қоғамдық тұрақтылық пен мемлекетіміздің баяндылығына кепіл болатын жүйені құрайды. Әбу Ханифа мәзһабында барша дінге деген төзімшіліктің белгісі, Матуруди ақидасында ақыл мен нақылдың керемет ұштастырылуы, Ясауи ілімінде түркі халқына сай дәстүрдің болуы – Қазақстандағы дәстүрлі мұсылмандық танымның іргетасын екені даусыз.

Дін – қараңғы ін, сауатын болмаса адасып кетесін демекші, қазіргі кезде діни таным, сенімі, іс-әрекеті мүлдем мұсылманшылыққа жатпайтын радикалды-экстремистік ағымдар сайран салып жүр. Бұл, әрине, ислам дінінің саяси құралға айналғандығын көрсетеді. Бүгінгі таңда Қазақстан қоғамындағы ең өзекті мәселе діни танымды дұрыс қалыптастыру, дін мен дәстүр тұтастығын көздің қарашығындай сақтау. Діни танымды дұрыс қалыптастыру ең бірінші, отбасы институтынан бастау алып, ақыл арқылы діни білім негізінде дамып, тұрақталады. Ал екінші дін мен дәстүр мәселесіне келетін болсақ, ата-бабаларымыздан бері ұрпақтан ұрпаққа аманат болып келе жатқан қазақи дәстүрді ислам дінімен сабақтастыру – халқымыздың мәдениетінің сақталуының кепілі екені айдан анық. Діни білім беру жүйесінде діни құбылыстарды, теорияларды антропологиялық тұрғыдан түсіндіру мәселесі – жастар арасында діни танымның дұрыс түсіндірілуіне және тез қабылдануына алып келеді. Себебі, біз қоғамда өмір сүріп жатқандықтан, адам – барлық танымдардың орталығы, объектісі. Діни сананы құқықтық, моральдық механизмдер арқылы түзу бағыттасақ, қоғамда ешқандай алауыздық пен мемлекеттігіміздің тұтастығын бұзатын залалды ойлар мен оқиғалар орын алмайды.

Қорытындылай келе, халықтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің, жалпы мәдениетінің қай бағытта дамитынын айқындайтын – діні, діни танымы. Егер де кез-келген халық өзінің дәстүрлі дінінен, діни таным негіздерінен ажырайтын болса, онда ол халық өзінің рухани, мәдени болмысынан да ажырайды.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Ахметжанова К.Б. Дүниеге көзқарастың негізгі аспектілері - Өскемен: ШҚМУ баспасы, 2005, 31 б.
2. Сейтбеков С. Иман негіздері - Алматы; Ислам мәдениеті мен білімін қолдау қоры, 2011, 48 б.
3. Кенжетай Д. Қазақ мұсылмандығындағы діни білім мен таным негіздері
4. Қалмахан Е.С. Матуруды ақидасы – Алматы: Көкжиек баспасы, 2011, 35 б.

УДК 159.9:316.6

### **ОСОБЕННОСТИ РЕЛИГИОЗНОЙ ЖИЗНИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА (НА ПРИМЕРЕ ГОРОДА АСТАНЫ)**

**Жакупова Айнур Абайдуллақызы**

*ainur\_31.01.95@mail.ru*

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилёва, 2 курс специальности  
"Социология", Астана, Казахстан  
Научный руководитель - Досанова Г. М.

Распад СССР и коммунистической идеологии, формирование новых общественно-политических и социально-культурных реалий обусловили рост национального самосознания и смену духовных ориентиров в постсоветском обществе, что наглядно видно на примере массового обращения населения стран СНГ к религиозным ценностям и традициям.

Данный процесс не стал исключением и для Казахстана, где возросшее религиозное самосознание населения сегодня стало уже довольно обыденным и привычным явлением. Причем, для определенной части казахстанского общества религия стала не только фактором этнической принадлежности, но и естественной нормативно-ценностной составляющей, регулирующей социальное поведение. [1]

В современном Казахстане активно ведётся работа по нахождению наиболее оптимальной модели взаимоотношений государства, общества и религий, поскольку в Республике по состоянию на 1 января 2014 года зарегистрировано 3434 религиозных объединений из 18 конфессий, для которых необходимо межконфессиональное согласие, религиозная толерантность и уважение религиозных убеждений граждан. [2]

Казахстан считается страной, где создана модель межрелигиозного согласия. Условием для эффективного действия этой модели является готовность представителей различных конфессий к диалогу на основе взаимопонимания и толерантности. Сложившаяся устойчивая модель взаимодействия этносов и религий обеспечивает стабильность и атмосферу созидания, согласия в обществе. Как отметил Президент Нурсултан Назарбаев, «наша модель межнационального и межрелигиозного согласия – это реальный вклад Казахстана в общемировой процесс взаимодействия различных конфессий». По его мнению для сохранения межконфессионального согласия в стране необходимо формирование системы диалога различных конфессий.

#### **Диаграмма 1. Мнение населения о приемлемой для Казахстана религиозной ситуации (2012 г.)**